«Бекітемін»
ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК
Бас дәрігер
Иманбаев К.С.
________________
«04» қаңтар 2023 ж.

# «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қарғалы қалалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

# ЭТИКА КОДЕКСІ

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Этика кодексі – мамандардың шешімдері мен әрекеттерін бақылауға арналған этикалық мінез-құлық қағидалары мен ережелерінің жиынтығы.

2. Кодекс Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ жалпыға бірдей танылған моральдық нормалар мен принциптерге негізделеді.

3. Осы Кодексте қызметтік мінез-құлық деп қызметкердің өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында жүзеге асыратын іс-әрекеттері мен қылықтарының саналы түрде реттелген жиынтығы түсініледі.

4. Әрбір жұмысшы Кодекстің ережелерін сақтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы керек және әрбір емделуші өзіне қатысты қызметкерден Кодекстің ережелеріне сәйкес мінез-құлықты күтуге құқылы.

5. Қызметкерлердің Кодекс ережелерін сақтауы олардың кәсіби қызметінің сапасын және еңбек тәртібін бағалау критерийлерінің бірі болып табылады. Медициналық ұйымдарда этика жөніндегі комиссиялар құрылады, олардың функцияларына қызметкерлердің осы Кодекстің ережелерін сақтауын бағалау және олардың бұзушылықтарының алдын алу кіреді.

Кодекс ережелері «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қарғалы қалалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынындағы барлық қызметкерлеріне қолданылады.

## 2. «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҒЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

6. Қызметкерлердің қызметтік мінез-құлқының негізгі принциптері медициналық ұйымдағы қызметті жүзеге асыру кезінде олардың мінез-құлқының негізі болып табылады.

7. Медициналық ұйымдардың қызметкерлері азаматтардың, қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершілігін түсіне отырып, міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын міндетті түрде сақтауға, саяси, экономикалық мақсатқа негізделген немесе өзге де себептер бойынша заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің бұзылуына жол бермеуге;
2) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және қорғау медициналық ұйымдағы қызметтің негізгі мәні мен мазмұнын айқындайтығына сүйенуге;
3) медициналық ұйым қызметінің көлемі мен мақсаттары шегінде өз қызметін жүзеге асыруға;
4) қызметтік міндеттерін атқару кезінде қандай да бір кәсіптік немесе әлеуметтік топтар мен ұйымдарға артықшылық бермеуге, жекелеген азаматтардың, кәсіби немесе әлеуметтік топтар мен ұйымдардың ықпалынан тәуелсіз болуға;
5) өзінің қызметтік міндеттерін адал атқаруға кедергі келтіретін кез келген жеке, мүліктік (қаржылық) және өзге де мүдделердің ықпалына байланысты әрекеттерді болдырмауға;
6) саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің шешімдерімен олардың қызметіне әсер ету мүмкіндігін болдырмай, бейтараптылықты сақтауға;
7) қызметтік этика нормаларын және қызметтік мінез-құлық ережелерін сақтауға;
8) азаматтармен және лауазымды адамдармен қарым-қатынаста дұрыстық пен ұқыптылық көрсетуге;
9) Қазақстан және басқа мемлекеттер халықтарының әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне төзімділік пен құрмет көрсетуге, әртүрлі этникалық, әлеуметтік топтар мен концессиялардың мәдени және өзге де ерекшеліктерін ескеруге, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға жәрдемдесуге;;
10) қызметкердің қызметтік міндеттерін адал атқаруына күмән тудыратын мінез-құлықтан аулақ болуға, сондай-ақ оның беделіне немесе медициналық ұйымның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін даулы жағдайлардан алшақ жүруге;
11) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;
12) медициналық ұйымда белгіленген қызметтік ақпарат беру және көпшілік алдында сөз сөйлеу тәртібін сақтауға;
13) бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің халықты медициналық ұйымның жұмысы туралы хабардар ету жөніндегі қызметіне құрметпен қарауға, сондай-ақ

белгіленген тәртіппен шынайы ақпарат алуға жәрдемдесуге;
14) өз жауапкершілігіндегі ресурстарды барынша тиімді және ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге ұдайы ұмтылуға;
15) сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы іс-қимыл жасауға және қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен оның алдын алу шараларын қабылдауға;
16) қызметтік міндеттерін атқару кезінде адалдық, бейтараптық және әділдік танытуға, сыбайлас жемқорлыққа қауіпті іс-әрекетке жол бермеуге; (басқа адамдар пара беруге уәде немесе ұсыныс ретінде, пара алу туралы келісім немесе пара талап ету ретінде немесе басқа сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау мүмкіндігі ретінде қабылдануы мүмкін мінез-құлық);
17) тұрақты үздіксіз кәсіптік білім алуға ұмтылу, коммуникативті құзыреттілігін дамыту және жетілдіру.

## 3. ЖҰМЫСШЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ

1. Медициналық ұйымның қызметкері адам, оның құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық, ал әрбір азаматтың жеке өміріне қол сұғылмаушылыққа, жеке және отбасы құпиясына, өзінің ар-намысы мен жақсы атын қорғауға құқығы бар екендігі туралы конституциялық ережелерге сүйену керек.
2. Жұмысшы қызметтік мінез-құлық шеңберінде төмендегі қылықтардан бойын алшақ ұстауға ұсынылады:
1) Жынысына, жасына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, азаматтығына, әлеуметтік, мүліктік немесе отбасылық жағдайына, саяси немесе діни басымдылығына байланысты кемсітушілік сипаттағы пікірлер мен әрекеттердің кез келген түрі;
2) Дөрекілік, немқұрайлылық, өркөкіректік және біржақты пікірлердің көріністері;
3) Медициналық ұйымның, оның лауазымды адамдарының, денсаулық сақтау саласындағы атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының қызметіне қатысты жария мәлімдемелер, пайымдаулар мен бағалаулар;
4) Егер бұл қызметкердің қызметтік міндеттеріне кірмейтін болса, медициналық ұйым жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алуды жоспарлау және өткізу мәселелері бойынша үшінші тұлғалармен талқылау;
5) қалыпты қарым-қатынасқа кедергі келтіретін немесе құқыққа қайшы мінез-құлықты тудыратын қорқытулар, қорлайтын сөздер немесе ескертулер, әрекеттер.
6. Қызметкерлер өздерінің қызметтік мінез-құлқы арқылы ұжымда іскерлік қарым-қатынастар орнатуға және бір-бірімен де, мердігерлермен де сындарлы ынтымақтастыққа ықпал етуге шақырылады.
7. Қызметкерлер азаматтармен және әріптестермен қарым-қатынаста сыпайы, мейірімді, дұрыс, зейінді және толерантты болуы керек.
8. Қызметкердің өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті мен мінез-құлқы еңбек жағдайына байланысты азаматтардың медициналық ұйымға деген құрметпен қарауына ықпал етуге, сондай-ақ, қажет болған

жағдайда, ұстамдылық, дәстүрлілік, дәлдікпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік стильге сәйкес келу.

9. Медициналық ұйымда пациенттің құқықтары мен мүдделерін сақтау мақсатында медициналық ұйым қызметкерлеріне әртүрлі техникалық құралдарға, оның ішінде фото, бейне және аудио жазбаларды жазуға және (немесе) заңнамада және ұйымның жергілікті нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде мұндай ақпаратты жариялауға жол берілмейді.

## 4. МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ

### «Медицина қызметкері» ұғымы

1. Осы Кодексте медицина қызметкерлері деп медициналық көмек көрсетумен айналысатын жоғары және (немесе) орта арнаулы медициналық білімі бар мамандар, сондай-ақ пациенттерге күтім жасайтын кіші медициналық персонал түсініледі.

2. Медицина қызметкерінің кәсіптік қызметінің мақсаты адамның өмірін сақтап қалу, оның денсаулығын қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру, халықты медициналық көмектің сапасымен қанағаттандыруға бағытталған пациентке бағдарланушылық жөніндегі іс-шаралар кешенімен медициналық көмектің барлық түрлерін сапалы түрде көрсету.

### 5. Медицина қызметкерінің қызмет ету қағидалары

1. Медициналық қызметкер өз қызметінде азаматтардың денсаулығын сақтау және медициналық көмек алу құқығын, дәрігер антын, гуманизм мен мейірімділік қағидаттарын бекітетін Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Кодексті басшылыққа алады.

2. Медицина қызметкері өзінің біліктілігі мен құзыретіне сәйкес азаматтардың денсаулығын қорғауға, оларға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын жоғары деңгейде қамтамасыз етуге үлес қосуға борышты.

3. Медицина қызметкері жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, әлеуметтік жағдайына,саяси көзқарасына және басқа да медициналық емес факторларға сонымен қоса материалдық жағдайына қарамастан медициналық көмекті қажет еткен кез келген адамға көмектесуге міндетті.

4. Медицина қызметкері өзінің кәсіби білімі мен қабілетін, дағдысы мен ой-өрісін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс.

5. Медицина қызметкері қолда бар ресурстар шегінде біліктілігіне, лауазымдық нұсқаулықтарына және лауазымдық міндеттеріне сәйкес сапалы және қауіпсіз медициналық көмек көрсетуге, оның ішінде моральдық жауапкершілікте болады..

6. Медицина қызметкері медициналық ұйымның қызметін жүзеге асыру кезінде пациентке бағдарланушылық қағидатын қалыптастыруға қатысуы керек..

7. Медицина қызметкері қоғамдағы өзінің рөлін ескере отырып, жеке үлгісі бойынша салауатты өмір салтын көрсетуге, зиянды әдеттерден, оның ішінде медициналық ұйымның аумағында темекі шегуден бас тартуға және әріптестері

мен пациенттерін одан үлгі алуға, қолдауға және мүмкіндігінше әлеуметтік шараларда қатысуға, жоғары салауатты өмір салтын насихаттайтын іс-шараларда шынығуға міндетті.

8. Медицина қызметкерінің мінез-құлқы денсаулыққа теріс қатынастың үлгісі болмауы керек.

9. Медицина қызметкері медициналық көмек көрсету кезінде пациенттермен мейірімділік, құрмет пен сыпайылық, мейірімділік, науқастың жағдайына жанашырлық сезімі қағидаттары негізінде қарым-қатынас жасау алгоритмін ұстануға тиіс.

10. Медицина қызметкері өзінің сыртқы түрімен медициналық ұйымда қабылданған «медициналық киім үлгісі» қағидатын, оның ішінде пішінін, түсін сақтай отырып, киімінің ұзындығы, шаш үлгісіне қойылатын талаптар (медициналық қалпақ кию қажеттілігі болмаған жағдайда), төмен өкшелі аяқ киім киюге (кәсіби қызмет барысында пациенттерді тітіркендіретін шудың алдын алу мақсатында), медициналық қызметкердің тегін, атын, әкесінің атын және медициналық ұйымда атқаратын лауазымын көрсететін белгі (бейдж) тағу сынды медициналық ұйымдағы қолданыстағы санитарлық-эпидемиологиялық режимнің талаптарын сақтауға міндетті.

11. Медицина қызметкері медициналық құжаттарға ұқыпты қарауы, іздестіру жеңілдігі және науқастың күту уақытын қысқарту үшін белгілерді қолдана отырып, белгіленген талаптарға сәйкес құжаттарды дер кезінде ресімдеуі керек.

12. Медицина қызметкері медициналық ұйымдағы ішкі еңбек тәртібі қағидаларында белгіленген жұмыс тәртібін сақтауға міндетті.

## 6. Медицина қызметкерінің жол берілмейтін әрекеттері

Медицина қызметкерінің құқығы жоқ:

1) өз білімі мен мүмкіндіктерін адамгершілікке жатпайтын мақсаттарда пайдалануға;
2) медициналық шараларды жеткілікті негіздерсіз қолдануға немесе бас тартуға;
3) пациентке өзінің философиялық, діни және саяси көзқарастарын таңуға;
4) науқасқа қасақана немесе абайсызда физикалық, моральдық немесе материалдық залал келтіруге және үшінші тұлғалардың мұндай зиян келтіретін әрекеттеріне немқұрайлы қарауға;
5) емделушіні қабылдау кезінде медициналық көмек көрсету процесінде бөгде әңгімелесуге, оның ішінде пациентке медициналық көмек көрсетуге байланысты емес телефон арқылы сөйлесуге, бөгде әрекеттерге (және әріптестері медицина қызметкерін алаңдатпауы керек) алаңдатуға жол беруге, емделушіні қабылдау кезінде қажеттілксіз бөлмеден шығуға;
6) кәсіби міндеттерін орындау кезінде әріптестерімен және емделушілерімен қарым-қатынастың қызметтік емес сипатына жол беру;
7) Пациенттің ұсынылатын ақылы медициналық қызметтерден бас тартуы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оған тегін көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігінің нашарлауына, түрлері мен көлемінің қысқаруына негіз бола алмайды.

8) Науқасқа емдеу курсын тағайындаған кезде медицина қызметкері қолданылатын дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар туралы күмәнді, толық емес немесе бұрмаланған ақпарат беруге құқығы жоқ.
9) Медицина қызметкері даярлаушы-фирмалар мен дәрі-дәрмек таратушылар ұсынған дәрілерді тағайындағаны үшін олардан сыйлық алуына болмайды.

## 7. Кәсіби тәуелсіздік

1. Медицина қызметкерінің құқығы мен міндеті оның кәсіби дербестігін сақтау болып табылады. Медициналық көмек көрсету кезінде медицина қызметкері кәсіби шешім үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады, сондықтан әкімшіліктің, пациенттердің немесе басқа адамдардың қысым көрсету әрекеттерінен бас тартуға міндетті. Медицина қызметкері кез келген жеке немесе заңды тұлғадан Қазақстан Республикасының заңнамасына, этикалық қағидаларға, кәсіби борышына қайшы келетін әрекеттерді жасауды талап етсе, олармен ынтымақтастықтан бас тартуға міндетті.
2. Консилиумдарға, комиссияларға, консультацияларға, сараптамаларға, куәландыруларға қатыса отырып, медициналық қызметкер өз ұстанымын анық және ашық айтуға, өз көзқарасын қорғауға, ал оған қысым жасалған жағдайда қоғамдық және құқықтық қорғау қызметіне жүгіне алады.

## 8. Медицина қызметкері мен пациент арасындағы қарым-қатынас

1. Науқастың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу:

Медицина қызметкері науқастың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті, оған және оның туыстарына ілтипат пен шыдамдылық танытуы керек. Медицина қызметкерінің пациентке дөрекі және адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынасы, оның адамдық қадір-қасиетін қорлау, сондай-ақ кез келген артықшылықтың көрінісі немесе пациенттердің кез келгеніне артықшылық беру немесе ұнатпауға жол берілмейді.

2. Медициналық көмек көрсетудің шарттары:

1. Медицина қызметкері емделушінің бостандығы мен қадір-қасиетін барынша аз шектеу жағдайында, гигиена ережелерін және санитарлық-эпидемиологиялық режимді қатаң сақтай отырып, қажет болған жағдайда заманауи гигиеналық құралдарды (бір рет қолданылатын майлықтар, сүлгілер, диспенсердегі сұйық сабын) пайдалана отырып, медициналық көмек көрсетуге міндетті.
2. Медицина қызметкері оның қызметіне кедергілер туралы, күтпеген төтенше жағдайларға, науқастың тұрмыстық мәселелеріне және басқа да әлеуметтік сипаттағы туындайтын проблемаларға байланысты белгілі бір жағдайларда пациентке қызмет көрсетудің мүмкін еместігі туралы медициналық ұйымның басшылығын міндетті түрде хабардар ете отырып, төтенше жағдайларда медициналық көмек көрсету бойынша іс-қимыл алгоритмін пайдалануға міндетті.
3. Медицина қызметкері пациентті емдеудің түрлері мен әдістері туралы, оларды қолданудың салдары, онымен байланысты тәуекелдер туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес хабардар етуге міндетті.

## 9. Дәрігерлік құпия

Науқас медициналық қызметкер өзіне сеніп тапсырылған барлық медициналық және жеке ақпаратты құпия сақтайды деп сенуге құқылы. Медицина қызметкері емделушінің немесе оның заңды өкілінің рұқсатынсыз тексеру және емдеу кезінде алынған ақпаратты, оның ішінде медициналық көмекке жүгіну фактісін жария етуге құқығы жоқ. Медицина қызметкері дәрігерлік құпияның жариялануына жол бермеу шараларын қабылдауға міндетті. Науқастың қайтыс болуы медициналық құпияны сақтау міндетінен босатпайды. Медициналық құпияны жария етуге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жол беріледі.

## 10. Науқасқа моральдық қолдау көрсету

Медицина қызметкері науқастың қасіретін барлық қолжетімді және заңды тәсілдермен жеңілдетуге міндетті. Медицина қызметкері науқасқа оның өтініші бойынша кез келген діни конфессияның қызметшісінің рухани қолдауын пайдалану құқығына кепілдік беруге міндетті.

## 11. «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК-ы ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

1. Медициналық ұйым қызметкерлері арасындағы қарым-қатынастар өзара құрметке, сенімге негізделуі және мінсіздігімен және емделушінің мүдделерін құрметтеуімен ерекшеленуі керек.
2. Әріптестерімен қарым-қатынаста қызметкер адал, әділ, мейірімді, әдепті болуы керек, олардың білімі мен тәжірибесін құрметтеуге, сондай-ақ оларға өз тәжірибесі мен білімін риясыз беруге дайын болуы керек.
3. Басқа қызметкерлерді басқарудың моральдық құқығы кәсіби біліктіліктің жоғары деңгейін және жоғары адамгершілікті талап етеді.
4. Әріптеске бағытталған сын дәлелді, намысқа тимейтіндей болуы керек. Сынауға кәсіби әрекеттер жатады, бірақ әріптестердің жеке басы емес. Әріптестердің беделін түсіру арқылы өз беделін нығайту әрекеттеріне жол берілмейді. Медициналық ұйым қызметкерінің өз әріптестері мен олардың жұмысы туралы, оның ішінде басқа медициналық ұйымдардағы әріптестеріне қатысты пациенттердің және олардың туыстарының көзінше теріс мәлімдеме жасауға құқығы жоқ.

## 12. Этикалық кодекс күшінің шегі, және оны бұзу жағдайындағы жауапкершілік

1. Кодекстің қолданысы:

Осы Кодекс «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қарғалы қалалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының бүкіл аумағында қолданылады және медициналық ұйымның барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

2. Медициналық ұйымдар қызметкерлерінің жауапкершілігі:

1. Этика кодексін бұзғаны үшін жауапкершілік дәрежесі «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қарғалы қалалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының этикалық комиссиясының қорытындысын ескере отырып айқындалады. Қызметкерлердің Кодексті сақтауы олардың кәсіби қызметінің сапасы мен тиімділігін, сондай-ақ еңбек тәртібін бағалау кезінде ескеріледі.

2. Басқа қызметкерлерге қатысты ұйымдастырушылық және әкімшілік өкілеттіктер берілген қызметкер бағынысты қызметкерлердің осы Кодексті бұзған әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін, егер ол мұндай әрекеттерді немесе әрекетсіздіктерді болдырмау үшін шаралар қолданбаған болса, жауапты болады.

«Утверждаю»
Главный врач
ГКП «Каргалинская городская больница» на ПХВ
Иманбаев К.С.

от «04» января 2023 г.

# ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС

**Государственное коммунальное предприятие «Каргалинская городская больница» на праве хозяйственного ведения Государственного учреждения «Управление здравоохранения Актюбинской области»**

## 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Этический Кодекс – ряд принципов и правил этического поведения, предназначенных для контроля за решениями и действиями профессионалов.
2. Кодекс разработан в соответствии с положениями Конституции Республики Казахстан, Трудового кодекса Республики Казахстан, Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции», иных нормативных правовых актов Республики Казахстан, а также основан на общепризнанных нравственных нормах и принципах.
3. Под служебным поведением в настоящем Кодексе понимается сознательно регулируемый комплекс действий и поступков работника, осуществляемых им в процессе выполнения своих должностных обязанностей.
4. Каждый работник должен принимать все необходимые меры для соблюдения положений Кодекса, а каждый пациент вправе ожидать от работника поведения в отношении себя в соответствии с положениями Кодекса.
5. Соблюдение работниками положений Кодекса является одним из критериев оценки качества их профессиональной деятельности и трудовой дисциплины. В медицинских организациях создаются комиссии по этике, в функции которых входят оценка соблюдения работниками положений настоящего Кодекса и предупреждение их нарушений.

Положения Кодекса распространяются на всех работников Государственное коммунальное предприятие «Каргалинская городская больница» на праве хозяйственного ведения Государственного учреждения «Управление здравоохранения Актюбинской области».

## 2. ПРИНЦИПЫ СЛУЖЕБНОГО ПОВЕДЕНИЯ РАБОТНИКОВ ГКП «Каргалинская городская больница» на ПХВ ГУ «Управление здравоохранения Актюбинской области»

6. Основные принципы служебного поведения работников являются

основной их поведения при осуществлении деятельности в медицинской организации.

7. Работники медицинских организаций, сознавая свою ответственность перед гражданами, обществом и государством, должны:

1) в обязательном порядке соблюдать Конституцию Республики Казахстан, законодательство Республики Казахстан, не допускать нарушение законов и иных нормативных правовых актов, исходя из политической, экономической целесообразности либо по иным мотивам;

2) исходить из того, что признание, соблюдение и защита прав и свобод человека и гражданина определяют основной смысл и содержание деятельности в медицинской организации;

3) осуществлять свою деятельность в пределах предмета и целей деятельности медицинской организации;

4) при исполнении должностных обязанностей не оказывать предпочтения каким-либо профессиональным или социальным группам и организациям, быть независимыми от влияния отдельных граждан, профессиональных или социальных групп и организаций;

5) исключать действия, связанные с влиянием каких-либо личных, имущественных (финансовых) и иных интересов, препятствующих добросовестному исполнению ими должностных обязанностей;

6) соблюдать беспристрастность, исключающую возможность влияния на их деятельность решений политических партий и общественных объединений;

7) соблюдать нормы профессиональной этики и правила служебного поведения;

8) проявлять корректность и внимательность в обращении с гражданами и должностными лицами;

9) проявлять терпимость и уважение к обычаям и традициям народов Казахстана и других государств, учитывать культурные и иные особенности различных этнических, социальных групп и концессий, способствовать межнациональному и межконфессиональному согласию;

10) воздерживаться от поведения, которое могло бы вызвать сомнение в добросовестном исполнении работником должностных обязанностей, а также избегать конфликтных ситуаций, способных нанести ущерб его репутации или авторитету медицинской организации;

11) не использовать должностное положение для оказания влияния на деятельность государственных органов, организаций, должностных лиц и граждан при решении вопросов личного характера;

12) соблюдать установленный в медицинской организации порядок предоставления служебной информации и публичных выступлений;

13) уважительно относиться к деятельности представителей средств массовой информации по информированию общества о работе медицинской организации, а также оказывать содействие в получении достоверной информации в установленном порядке;

14) постоянно стремиться к обеспечению как можно более эффективного и рационального распоряжения ресурсами, находящимися в сфере его

ответственности;

15) противодействовать проявлениям коррупции и предпринимать меры по ее профилактике в порядке, установленном действующим законодательством;

16) проявлять при исполнении должностных обязанностей честность, беспристрастность и справедливость, не допускать коррупционного опасного поведения (поведения, которое может восприниматься окружающими как обещание или предложение дачи взятки, как согласие принять взятку или как просьба о даче взятки либо как возможность совершить иное коррупционное правонарушение);

17) стремиться к постоянному непрерывному профессиональному образованию, развивать и совершенствовать коммуникативную компетентность.

## 3. СЛУЖЕБНОЕ ПОВЕДЕНИЕ РАБОТНИКОВ

1. Работнику медицинской организации необходимо исходить из конституционных положений о том, что человек, его права и свободы являются высшей ценностью, и каждый гражданин имеет право на неприкосновенность частной жизни, личную и семейную тайну, защиту своей чести и доброго имени.
2. Работнику в рамках служебного поведения рекомендуется воздерживаться от:

1) любого вида высказываний и действий дискриминационного характера по признакам пола, возраста, расы, национальности, языка, гражданства, социального, имущественного или семейного положения, политических или религиозных предпочтений;

2) грубости, проявлений пренебрежительного тона, заносчивость и предвзятых замечаний;

3) публичных высказываний, суждений и оценок в отношении деятельности медицинской организации, ее должностных лиц, органов исполнительной власти в сфере здравоохранения, их должностных лиц;

4) обсуждения с третьими лицами вопросов планирования и проведения государственных закупок, осуществляемых медицинской организацией, если это не входит в должностные обязанности работника;

5) угроз, оскорбительных выражений или реплик, действий, препятствующих нормальному общению или провоцирующих противоправное поведение.

6. Работники призваны способствовать своим служебным поведением установлению в коллективе деловых взаимоотношений и конструктивного сотрудничества как друг с другом, так и с контрагентами.
7. Работники должны быть вежливыми, доброжелательными, корректными, внимательными и проявлять терпимость в общении с гражданами и коллегами.
8. Внешний вид и поведение работника при исполнении им должностных обязанностей в зависимости от условий трудовой деятельности должны способствовать уважительному отношению граждан к медицинской организации, а также, при необходимости, соответствовать общепринятому деловому стилю, который отличают сдержанность, традиционность, аккуратность.
9. В целях соблюдения прав и интересов пациента в медицинской организации не

допускается проведение работниками медицинской организации записи на различные технические устройства, в том числе фотосъемки, видео- и аудиозаписи и (или) опубликование такой записи, в том числе в информационно-телекоммуникационной сети «Интернет», за исключением случаев, предусмотренных законодательством и локальными нормативными актами организации.

## 4. МЕДИЦИНСКИЕ РАБОТНИКИ

**Понятие «медицинский работник»**

1. Под медицинскими работниками в настоящем Кодексе понимаются специалисты, имеющие высшее и (или) среднее специальное медицинское образование, принимающие участие в оказании медицинской помощи, а также младший медицинский персонал, осуществляющий уход за больными.
2. Цель профессиональной деятельности медицинского работника:
3. Цель профессиональной деятельности медицинского работника сохранение жизни человека, проведение мероприятий по охране его здоровья, качественное оказание всех видов медицинской помощи с обеспечением комплекса мероприятий по пациентоориентированности, направленной на удовлетворенность населения качеством оказания медицинской помощи.

## 5. Принципы деятельности медицинского работника:

1. В своей деятельности медицинский работник руководствуется законодательством Республики Казахстан, закрепляющим право граждан на охрану здоровья и медицинскую помощь, клятвой врача, принципами гуманизма и милосердия, настоящим Кодексом.
2. Медицинский работник должен способствовать, в соответствии со своей квалификацией и компетентностью, делу охраны здоровья граждан, обеспечению качества оказываемой им помощи на самом высоком уровне.
3. Медицинский работник призван оказать медицинскую помощь любому человеку вне зависимости от пола, возраста, расовой и национальной принадлежности, места проживания, его социального статуса, религиозных и политических убеждений, а также иных немедицинских факторов.
4. Медицинский работник должен постоянно совершенствовать свои профессиональные знания и умения, навыки и эрудицию.
5. Медицинский работник несет ответственность, в том числе и моральную, за обеспечение качественной и безопасной медицинской помощи в соответствии со своей квалификацией, должностными инструкциями и служебными обязанностями в пределах имеющихся ресурсов.
6. Медицинский работник должен участвовать в формировании принципа пациентоориентированности при осуществлении деятельности медицинской организации.
7. Учитывая свою роль в обществе, медицинский работник личным примером обязан демонстрировать здоровый образ жизни, отказ от вредных привычек, в том числе, от курения на территории медицинской организации, и призывать коллег и пациентов следовать его примеру, поддерживать и принимать посильное участие

в общественных мероприятиях, особенно тех, где пропагандируется здоровый образ жизни.

8. Поведение медицинского работника не должно быть примером отрицательного отношения к здоровью.

9. Медицинский работник должен соблюдать алгоритм общения с пациентами, основанный на принципах доброжелательности, уважительного отношения и вежливости, милосердия, чувства сострадания к состоянию пациента при оказании медицинской помощи.

10. Медицинский работник должен своим внешним видом соответствовать требованиям действующего в медицинской организации санитарно-эпидемиологического режима, соблюдая при этом принцип «медицинского дресс-кода», принятого в медицинской организации, включая форму, цвет и длину одежды, требования к прическе (в случае отсутствия необходимости ношения медицинской шапочки), ношение обуви на низком каблуке (в целях предупреждения раздражающего шума для пациентов при осуществлении профессиональной деятельности), ношение таблички (бейджа), с указанием фамилии, имени, отчества медицинского работника и занимаемой должности в медицинской организации.

11. Медицинский работник должен бережно относиться к медицинской документации, своевременно оформлять документацию в соответствии с установленными требованиями, с применением маркировки для удобства поиска и сокращения времени ожидания пациента.

12. Медицинский работник должен соблюдать график работы, установленный правилами внутреннего трудового распорядка в медицинской организации.

## 6. Недопустимые действия медицинского работника

Медицинский работник не вправе:

1) использовать свои знания и возможности в негуманных целях;

2) без достаточных оснований применять медицинские меры или отказывать в них;

3) навязывать пациенту свои философские, религиозные и политические взгляды;

4) наносить пациенту намеренно либо по небрежности физический, нравственный или материальный ущерб и безучастно относиться к действиям третьих лиц, причиняющих такой ущерб;

5) допускать в процессе оказания медицинской помощи посторонних разговоров, в том числе телефонных, не связанных с оказанием медицинской помощи пациенту, отвлекаться на посторонние действия (а коллеги не должны отвлекать медицинского работника), во время приема пациента без необходимости покидать кабинет;

6) при исполнении своих профессиональных обязанностей допускать фамильярности, неслужебного характера взаимоотношения с коллегами по работе и пациентами.

7. Отказ пациента от предлагаемых платных медицинских услуг не может быть

причиной ухудшения качества и доступности, уменьшения видов и объемов медицинской помощи, предоставляемых ему бесплатно в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи.

8. Медицинский работник не вправе предоставлять при назначении курса лечения пациенту недостоверную, неполную или искаженную информацию об используемых лекарственных препаратах, медицинских изделиях.

9. Медицинский работник не должен принимать поощрений от фирм-изготовителей и распространителей лекарственных препаратов за назначение предлагаемых ими лекарств.

## 7. Профессиональная независимость

1. Право и долг медицинского работника - хранить свою профессиональную независимость. Оказывая медицинскую помощь, медицинский работник принимает на себя всю полноту ответственности за профессиональное решение, а потому обязан отклонить любые попытки давления со стороны администрации, пациентов или иных лиц. Медицинский работник должен отказаться от сотрудничества с любым физическим или юридическим лицом, если оно требует от него действий, противоречащих законодательству Республики Казахстан, этическим принципам, профессиональному долгу.

2. Участвуя в консилиумах, комиссиях, консультациях, экспертизах, освидетельствованиях, медицинский работник обязан ясно и открыто заявлять о своей позиции, отстаивать свою точку зрения, а в случаях давления на него - прибегать к общественной и юридической защите.

## 8. Взаимоотношения медицинского работника и пациента

1. Уважение чести и достоинства пациента

Медицинский работник должен уважать честь и достоинство пациента, проявлять внимательное и терпеливое отношение к нему и его близким. Грубое и негуманное отношение к пациенту, унижение его человеческого достоинства, а также любые проявления превосходства или выражение кому-либо из пациентов предпочтения или неприязни со стороны медицинского работника недопустимы.

2. Условия оказания медицинской помощи:

1. Медицинский работник должен оказывать медицинскую помощь в условиях минимально возможного стеснения свободы и достоинства пациента, при строгом соблюдении правил гигиены и санитарно- эпидемиологического режима, при необходимости с применением современных средств гигиены (разовых салфеток, полотенец, жидкого мыла в диспенсерах).

2. Медицинский работник должен использовать алгоритм действий по оказанию медицинской помощи во внештатных ситуациях, с обязательным информированием руководства медицинской организации о препятствиях его деятельности, в том числе невозможности обслуживания пациента в определенных случаях, связанных с непредвиденными аварийными ситуациями, бытовыми проблемами пациента и другими возникающими проблемами социального характера.

3. Медицинский работник должен проинформировать пациента о видах и методах лечения, о последствиях их применения, связанных с ним рисках, в соответствии с действующим законодательством.

## 9. Врачебная тайна

Пациент вправе рассчитывать на то, что медицинский работник сохранит в тайне всю медицинскую и доверенную ему личную информацию. Медицинский работник не вправе разглашать без разрешения пациента или его законного представителя сведения, полученные в ходе обследования и лечения, включая и сам факт обращения за медицинской помощью. Медицинский работник должен принять меры, препятствующие разглашению врачебной тайны. Смерть пациента не освобождает от обязанности хранить врачебную тайну. Разглашение врачебной тайны допускается в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

## 10 . Моральная поддержка пациента

Медицинский работник обязан облегчить страдания пациента всеми доступными и легальными способами. Медицинский работник обязан гарантировать пациенту право по его желанию воспользоваться духовной поддержкой служителя любой религиозной конфессии.

## 11. ВЗАИМООТНОШЕНИЯ РАБОТНИКОВ ГКП «Каргалинская городская больница» на ПХВ ГУ «Управление здравоохранения Актюбинской области»

1. Взаимоотношения между работниками медицинской организации должны строиться на взаимном уважении, доверии и отличаться безукоризненностью и соблюдением интересов пациента.
2. Во взаимоотношениях с коллегами работник должен быть честен, справедлив, доброжелателен, порядочен, должен с уважением относиться к их знаниям и опыту, а также быть готовым бескорыстно передать им свой опыт и знания.
3. Моральное право руководства другими работниками требует высокого уровня профессиональной компетентности и высокой нравственности.
4. Критика в адрес коллеги должна быть аргументированной и не оскорбительной. Критике подлежат профессиональные действия, но не личность коллег. Недопустимы попытки укрепить собственный авторитет путем дискредитации коллег. Работник Медицинской организации не имеет права допускать негативные высказывания о своих коллегах и их работе, в том числе в отношении коллег из других медицинских организаций, в присутствии пациентов и их родственников.

## 12. ПРЕДЕЛЫ ДЕЙСТВИЯ ЭТИЧЕСКОГО КОДЕКСА И ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ЕГО НАРУШЕНИЕ

1. Действие Кодекса:

Настоящий Кодекс действует на всей территории Государственного коммунального предприятия «Каргалинская городская больница» на праве хозяйственного ведения Государственного учреждения «Управление здравоохранения Актюбинской области» и имеет обязательную силу для всех работников медицинской организации.

2. Ответственность работников медицинских организаций:

1. Степень ответственности за нарушение Этического Кодекса определяется с учетом мнения этической комиссии Государственное коммунальное предприятие «Каргалинская городская больница» на праве хозяйственного ведения Государственного учреждения «Управление здравоохранения Актюбинской области». Соблюдение работниками Кодекса учитывается при оценке качества и эффективности их профессиональной деятельности, а также трудовой дисциплины.

2. Работник, наделенный организационно-распорядительными полномочиями по отношению к другим работникам, несет ответственность за действия или бездействие подчиненных сотрудников, нарушающих настоящего Кодекса, если он не принял мер, чтобы не допустить таких действий или бездействия.

Тажибаева С.Т.

______________________

______________________

______________________

______________________

______________________

______________________

______________________

______________________

______________________

______________________